

«Астана медицина университеті» АҚ  
Құқық негіздері мен сот медицинасы кафедрасы

# ОСӨЖ

Тақырыбы: *Неке келісімінің құрылу шарты*

Орындаған: Айманбетова Н.А.

Топ: 102 Мейіргер ісі

Қабылдаған: Мұқанова А.Б.

# ***ЖОСПАРЫ***

***1. Кіріспе***

***2. Негізгі бөлім***

***2.1. Неке келісімінің құрылу шарты дегеніміз***

***2.2. Неке қиюдың шарттары мен тәртібі***

***2.3. Неке жасы***

***2.4. Араларында неке қиюларына жол берілмейтін адамдар***

***2.5. Неке қиюдың тәртібі***

***3. Қорытынды***

# *Кіріспе*

*Қазіргі заманғы өмірде, ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік қатынастар маңызды рөл ойнай бастады. Көптеген мемлекеттердің заңгерлеріне неке шартының түсінігі бұрыннан белгілі. Қазақстан Республикасының «Неке және Отбасы туралы» Заңның 38-бабында «Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтар мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп танылады деп көрсетілген. Осы заңға байланысты Қазақстан Республикасында да неке келісім-шарты өзекті мәселелердің біріне айналды.*

*Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, неке шарты дегеніміз – некеге отыратын азаматтардың немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүлдіктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім.*

*Қазақстан Республикасының Неке  
(Ерлі-зайыптылық) және отбасы  
туралы Кодексінің 2-бөлімінің 3-  
тарауында неке қиюдың(ерлі-  
зайыпты болудың) шарттары мен  
тәртібі туралы айтылған.*

*Неке келісім-шарты азаматтық хал актілерін тіркеу органына некені мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен бастап неке қию тіркелгенге дейін де, некеде тұрған кезеңіндегі кез келген уақытта да жасалады. Неке қиылғанша жасалған неке келісім-шарты осы неке тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Міндетті түрде ол жазбаша болуы тиіс және нотариатта куәландырылуы қажет.*



## *Неке келісімінің шарттары*

*Неке қию (ерлі-зайыпты болу) үшін некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) еркек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке (ерлі-зайыптылық) жасына толуы қажет.*

## *Неке (ерлі-зайыптылық) жасы*

1. Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

2. Мынадай дәлелді себептер болған жағдайда:

*1) жүкті болған;*

*2) ортақ бала туған кезде неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді.*

3. Некеге отыруға тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін.

4. Неке жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың келісімімен жол беріледі.

5. Неке жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке жасына толған адам мен неке жасына толмаған адам арасындағы некеге неке жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі.



## *Араларында неке қиылуына (ерлі-зайыпты болуына) жол берілмейтін адамдар*

*Некелесуге (ерлі-зайыпты) болуға:*

- 1) бір жынысты адамдардың;*
- 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;*
- 3) жақын туыстардың;*
- 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;*
- 5) соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді.*

## *Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарды медициналық зерттеп-қарау*

1. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілерге медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродуктивтік денсаулық сақтау мәселелері бойынша консультация беруді және зерттеп-қарауды денсаулық сақтау ұйымдары және тек олардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді.

2. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарды зерттеп қараудың нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) ниеттенген адамға зерттеп қараудан өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

3. Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамның некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) басқа адамның денсаулығына қауіп төндіретін ауруының болуы ерекше жағдайлар болып табылады.

## *Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) тәртібі*

1. Неке некеге отыратын адамдардың тікелей қатысуымен тіркеуші органдарда не арнайы мемлекеттік неке сарайларында қиылады.

Некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі тіркеуші органға келе алмайтын айрықша жағдайларда (ауыр науқастануы, жүріп-тұру қиындығымен байланысты мүгедектігі, күзетпен ұсталуы немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы) некені қиюды мемлекеттік тіркеу үйде, медициналық немесе өзге де ұйымда тиісті ұйымның әкімшілігімен міндетті түрде келісіле отырып, некеге отыратын адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

2. Неке қию некеге отыруға тілек білдірушілер тіркеуші органға өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші орган құжаттамамен расталған дәлелді себептер болғанда, бұл мерзімді қысқартады немесе ұзартады.


Айрықша мән-жайлар (жүктілік, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да айрықша мән-жайлар) болған кезде некені қиюды мемлекеттік тіркеу некеге отырушылардың қалауы бойынша өтініш берілген күні жүргізіледі.

3. Неке қиюды мемлекеттік тіркеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Некеге отыруға тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі, сондай-ақ олардың заңды өкілдері тіркеуші органның неке қиюды мемлекеттік тіркеуден бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін.

# Қорытынды

Қорыта келгенде некелік шарт – біздің тұрмысымызға салыстырмалы түрде жақында енген ұғым. Некелік шарт деп – некеге тұратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың некеде тұрғандағы немесе оны бұзған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімдері танылады. Некелік шарт міндетті түрде жазбаша жасалуы және нотариуспен куәландырылуы қажет. Некелік шартты некеге отыратын адамдардың тікелей өздері, сондай-ақ адвокат не нотариус толтыруы мүмкін екендігін айырықша атап көрсету қажет. Некелік шартты нотариалды куәландыру үшін жекеменшік немесе мемлекеттік нотариусқа жүгіну керек. Некелік шартты некені тіркегенге дейін, сондай-ақ некеде тұрған кез келген уақытта жасасуға болады. Некелік шарттың субъектілері не ерлі-зайыптылар, не некеге енді тұруға әзірленіп жатқан адамдар болуы мүмкін (күйеу мен қалыңдық). Ерлі-зайыптылар, яғни АХАТ органдарында тіркелмеген, бірақ бірге тұратын және бір-біріне қамқорлық көрсететін адамдар некелік шарт жасаса алмайды. Некеге тұратын кәмелетке толмағандар (18 жасқа дейінгі адамдар) ата-аналарының немесе қамқоршыларының келісімімен ғана некелік шарт жасаса алады. Бұл кәмелетке толмағандардың өз бетінше некелік шарт жасасуына тыйым салынады деген сөз. Некелік шарт жасасу – некені тіркеу үшін қажетті шарт болып табылмайтындағын атап өту керек. Некеге отыратын адамдардың немесе ерлі-зайыптылардың неке шартын жасасуы немесе оған қол қоюдан бас тартуы ерікті түрде шешіледі, өйткені бұл олардың міндеті емес, құқығы болып табылады. Бірақ сонымен бірге неке шартында ерлі-зайыптылардың немесе некеге тұратын адамдардың ортақ еркі білдірілуі тиіс.



*Назарларыңызға  
рақмет!*